

«Халықаралық инженерлік- Технологиялық университет» ЖШС		ТОО «Международный инженерно- технологический университет»
Жастар саясаты департементі		Департамент молодежной политики
ЕРЕЖЕ		ПОЛОЖЕНИЕ
_____2025ж. №1 РЕДАКЦИЯСЫ		РЕДАКЦИЯ №1 от _____2025г.

СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы 2025

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Нормативтік-құқықтық база
3. Студенттер үйіне бөлме беру және орналастыру тәртібі
4. Студенттер үйіне кіру-шығу тәртібі (рұқсат режимі)
5. Студенттер үйінде тұратын студенттердің міндеттері
6. Студенттер үйінде тұратындарға тыйым салынған әрекеттер
7. Тәртіптік шаралар және мадақтау

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде (бұдан әрі – ХИТУ) білім алып жатқан студенттерге оқу кезеңіне жатақханада тұру құқығы беріледі. Бұл құқық оқу шарты негізінде қабылданған студенттерге ұсынылады. Жатақханаға орналастыруда басым құқық келесі санаттағы студенттерге беріледі:

1.1.1 жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

1.1.2 үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бір немесе екі ата-анасының мүгедектігі бар адамдар, көп балалы отбасылардың балалары, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, сондай-ақ қандастар;

1.1.3 бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, аттестат) талапкерлер;

1.1.4 білім беру ұйымы өткізген конкурстың немесе әңгімелесудің қорытындысы бойынша жоғары балл алған бірінші курсқа оқуға қабылданған білім алушылар.

Білім беру ұйымы өткізген қабылдау қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қағидаларын бекіту туралы қағидаларына сәйкес өтініш иесінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілілігін

растайтын анықтама ұсынған жағдайда, білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі.

1.1.5 оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғарғы курс студенттері қатарындағы білім алушылар;

1.1.6 білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

2 НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

2.1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы»;

2.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз етуге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген) ;

2.3 Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің Жарғысы;

2.4 Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті студентінің ар-намыс кодексі;

2.5 Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің ішкі нормативтік құжаттары.

3 СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ БӨЛМЕ БЕРУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ

3.1 Студенттік үйде тұру құқығы ХИТУ ректорының тиісті бұйрығы негізінде беріледі. Орындарды конкурстық негізде арнайы құрылған комиссия бөледі. Үміткерлер metu.edu.kz сайтында онлайн-өтініш береді. Өзі туралы ақпарат енгізеді және жеңілдіктің бар екендігін растайтын құжаттарды тіркейді. Ақпарат электрондық жүйеге енгізіледі және мұқтаждар электрондық кезекке тұрады;

3.2 Студенттерді орналастыру ұсынылған құжаттар негізінде қатаң келісілген тізім бойынша жүзеге асырылады. Білім алушы комиссияға мынадай құжаттарды жеке өзі ұсынуға міндетті:

3.3.1 жатақханаға қоныстану туралы өтініш;

3.3.2 жеке куәліктің көшірмесі;

3.3.3 төлем туралы түбіртек;

3.3.4 3×4 см екі фотосурет;

3.3.5 3×4 электрондық фотосурет;

3.3.6 № 075 нысанды медициналық анықтама;

3.3.7 мүгедектік туралы анықтама (бар болса);

3.3.8 № 026 немесе № 027 нысанды ДКК анықтамасы (созылмалы аурулар болған жағдайда).

3.3 Ұсынылған құжаттардың негізінде ХИТУ студенттік үйінде Тұрғын үй-жайды жалдау шарты жасалады (№1 қосымша).

3.4 Комиссия шешімінің қорытындысы бойынша қоныстану тізіміне

енгізілген студенттер нәтижелер жарияланған сәттен бастап **бес жұмыс күні** ішінде Студенттер үйіне орналасуға міндетті. Белгіленген мерзімде келмеген жағдайда студент берілген орынға құқығынан айырылады;

- 3.5 Студентке студенттік үйге орналасу құқығына ордер беріледі (№2 қосымша);
- 3.6 Жаңадан қоныстанғандарды тіркеуді студенттер үйінің дирекциясы белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;
- 3.7 Студенттік үйден шыққан кезде (оның ішінде демалысқа немесе өндірістік практикаға) студент күзет бекетінде журналға тиісті жазба жасай отырып, басшылықты алдын ала — кемінде екі күн бұрын хабардар етуге міндетті (№3 қосымша);
- 3.8 Студенттік үйдің жеке және жалпы пайдалануға арналған мүлкі акт бойынша беріледі (№4 қосымша);
- 3.9 Мүліктің сақталуына осы мүлікті алған адамдар жауапты болады;
- 3.10 Студенттік үйдің ғимаратына немесе мүлкіне зиян келтірген студенттер заңнамаға сәйкес жауап береді;

4 СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ КІРУ-ШЫҒУ ТӘРТІБІ (РҰҚСАТ РЕЖИМІ)

- 4.1 Студенттер үйіне кіру үшін әрбір тұрушыға белгіленген үлгідегі рұқсатнама (пропуск) беріледі. Бұл рұқсатнама – ғимаратқа кіруге құқық беретін негізгі құжат болып табылады;
- 4.2 Өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мақсатында белсенді студенттердің арасынан конкурс негізінде студенттік кеңес құрылады;
- 4.3 Қабат старостасының міндеттері:
 - 4.5.1 ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;
 - 4.5.2 қабаттағы мүліктің сақталуына жауапкершілікпен қарау;
 - 4.5.3 бөлмелер мен қабаттардың санитарлық жағдайын бақылау;
 - 4.5.4 тұрғындардың мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру.
- 4.4 Мәдени-көпшілік іс-шаралар студенттік кеңестің бекітілген жоспары негізінде өткізіліп, әкімшілікпен келісіледі;
- 4.5 Студенттер үйіндегі тыныштық уақыты – сағат **22:00-ден 07:00-ге** дейін. Қысқы мезгілде тыныштық уақыты сағат **21:00-ден 07:00-ге** дейін белгіленеді.
- 4.6 Қауіпсіздік мақсатында сағат **21:00-ден 07:00-ге** дейін студенттер үйіне кіруге және шығуға тыйым салынады. Қысқы кезеңде бұл шектеу **20:00-ден 07:00-ге** дейін қолданылады. Ерекше жағдайларда (поезбен келу, сәлемдеме алу, туыстарының келуі және т.б.) студент жатақханадан тек жеке жауапкершілік туралы қолхат жазып, әкімшілікті жауапкершіліктен босатқан жағдайда ғана шыға алады;
- 4.7 Түнгі уақытта (сағат 22:00-ден кейін) әрбір студент студенттер үйінде болуы тиіс. Білім алушылардың бар-жоғын түнгі әкімшілер тексереді.

5 СТУДЕНТТЕР ҮЙІНДЕ ТҰРАТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

- 5.1 Студенттер үйінде тұратын студент келесі құқықтарға ие

- 5.1.1 жалдау шартының мерзімі ішінде және ережелерді сақтаған жағдайда, өзіне бекітілген бөлмеде тұруға;
 - 5.1.2 оқу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы бөлмелерді, жабдықтар мен инвентарларды пайдалануға;
 - 5.1.3 өз кінәсізінсіз бұзылған құрал-жабдықты жөндеу немесе ауыстыру туралы әкімшілікке өтініш жасауға;
 - 5.1.4 студенттік кеңес жұмысына қатысуға және оның құрамына сайлануға;
 - 5.1.5 қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып, өз тұрмыстық техникасын пайдалануға.
- 5.2 Жатақханада тұратындар келесі ережелерді сақтауға міндетті:
- 5.2.1 университетпен жасалған келісім-шарттың шарттарын орындап, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық талаптар мен нормаларды сақтау;
 - 5.2.2 кіру-шығу тәртібін (рұқсат режимін) қатаң сақтау;
 - 5.2.3 жатақханада және студенттер қалашығы аумағында тыныштықты сақтау;
 - 5.2.4 жатақханаға кірген кезде рұқсатнаманы көрсету;
 - 5.2.5 университетке тиесілі тұрмыстық электр құралдарын (тоңазытқыш, электр плитасы, кір жуғыш машина, мұздатқыш, үтік, электр шәйнек, қол кептіргіш, кептіру машинасы және т.б.) пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды қатаң сақтау;
 - 5.2.6 университеттің мүлкіне, ғимараттарға, жабдықтарға және инвентарға ұқыпты қарау;
 - 5.2.7 бөлмені таза және ретке келтіріп ұстау, оқу жылының соңында бөлмені талапқа сай күйде тапсыру;
 - 5.2.8 көгалдандыру аймақтарына күтім жасау және оларды қорғау;
 - 5.2.9 электр қуатын, суды және газды үнемді пайдалану;
 - 5.2.10 күнделікті бөлмеде және тұрмыстық бөлмелерде белгіленген кесте бойынша ылғалды тазалық жұмыстарын жүргізу;
 - 5.2.11 қате немесе ұқыпсыз пайдаланудан болған бөлме, жиһаз зақымдарын өз қаражаты есебінен қалпына келтіру;
 - 5.2.12 студенттік комитет ұйымдастырған жиналыстарға қатысу;
 - 5.2.13 ақпараттық хабарламалар тақтасын үнемі қарап отыру;
 - 5.2.14 әдептілік пен моральдық нормаларды сақтау, өзара сыйластық пен тәртіп орнату, университет қызметкерлері мен тұратын студенттерге қатысты жанжал жағдайларын болдырмау;
 - 5.2.15 жатақханадан үш күннен артық мерзімге шыққанда, бұл туралы жатақхана меңгерушісіне немесе оның орнындағы қызметкерге алдын ала хабарлау;
 - 5.2.16 электр құралдарын (шәйнек, үтік, кір жуғыш машина және т.б.) дұрыс пайдалану және бөлмеден шығарда оларды өшіру;
 - 5.2.17 бөлмеден соңғы болып шыққан кезде терезелер мен есіктерді жауып, барлық электр құралдары мен жарықты сөндіріп, кілтті тапсыру;

- 5.2.18 түнгі уақытта (22:00-ден кейін) әр студент студенттер үйінде болуы тиіс. түнгі әкімшілер студенттердің бар-жоғын тексереді;
- 5.2.19 қажет болған жағдайда, университет әкімшілігінің талабымен, демалыс кезеңінде, карантин уақытында немесе өзге де жағдайларда 5 (бес) жұмыс күні ішінде тұрып жатқан бөлмесін босатуға міндетті;
- 5.2.20 Қазақстан Республикасының заңнамасына және жалдау шартына сәйкес келтірілген материалдық шығынды өтеу;
- 5.2.21 оқу жылы аяқталған соң барлық студенттер тұратын бөлмелерді, рұқсатнаманы және кілтті қабылдап-тапсыру актісі бойынша тапсыруға міндетті.

6 Студенттер үйінде тұратындарға тыйым салынған әрекеттер

- 6.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға;
- 6.2 Жатақхана тұрғындары мен қызметкерлеріне құрметсіз қарауға;
- 6.3 Рұқсаттаманы басқа тұлғаларға беруге;
- 6.4 Ұялы телефондар, планшеттер мен ноутбуктерге арналған зарядтағыштарды қоспағанда, электр желісіне қосылатын тұрмыстық электр аспаптарын (үтік, фен, бұйралағыш, электр шәйнегі, мультиварка, жылытқыш, желдеткіш және т.б.) Пайдалануға;
- 6.5 Рұқсатсыз басқа бөлмеге өз еркімен көшуге;
- 6.6 Ғимараттың сыртынан (балкондар, терезелер, шатыр және т.б.) Басқа жатақханаларға көшуге;
- 6.7 Инвентарьды, жиһазды бір бөлмеден екінші бөлмеге өз еркімен тасымалдауға және жиһазды қайта реттеуге;
- 6.8 Электр сымдарын өз бетімен қайта өңдеуге және электр желісін жөндеуге;
- 6.9 Үй-жайда жоғары шу мен діріл тудыратын жұмыстарды орындауға немесе басқа тұрғындардың қалыпты тұрмысын бұзатын әрекеттер жасауға;
- 6.10 Хабарландыруларды, кестелерді және т.б. Тұрғын бөлменің қабырғаларына және арнайы бөлінген орындардан басқа, ортақ пайдаланылатын орындарға жапсыруға;
- 6.11 Шатырға шығуға, чердаққа көтерілуге, терезе төсеніштерінде тұруға және отыруға, терезелерді зақымдауға, шектегіштерін алып тастауға, терезе төсенішінің сыртына тамақ өнімдері мен басқа заттарды қоюға;
- 6.12 Түнгі уақытта (22:00-07:00) тамақ дайындауға арналған үй-жайларды пайдалануға;
- 6.13 Түнгі уақытта (22:00-07:00) душ бөлмелерін пайдалануға;
- 6.14 Жатақхана тұрғындары мен қызметкерлеріне қатысты белгіленген тәртіпті бұзуға;
- 6.15 Бөгде адамдарды жатақханада түнде қалдыруға (түнөтуге);
- 6.16 Жатақхана үй-жайларында және студенттік қалашық аумағында темекі шегуге, соның ішінде бірреттік және қайта пайдаланылатын электрондық темекі құрылғыларын пайдалануға, сонымен қатар тыйым салынады:

алкогольдік және/немесе есірткілік мас күйінде болу; темекі емес өнімдерді (насвай, снюс), кальянды, есірткі заттарын, құрамында алкоголь бар сусындарды сату, тарату және сақтау. Алкогольдік немесе есірткілік мас күйді анықтау үшін арнайы құралдар (тыныс алу анализаторлары, алкометрлер, есірткі заттарын сынағыштар) қолданылуы мүмкін. Қажет жағдайда студент мамандандырылған медициналық мекемелерге тексерілуге жіберіледі;

- 6.17 Үй-жай кіреберіс есігіне қосымша құлыптар орнатуға, құлыптарды қайта өңдеуге немесе ауыстыруға;
- 6.18 Тұрғын үй-жайда ашық от көздерін пайдалануға, тез тұтанатын заттарды және пиротехниканы сақтауға және қолдануға;
- 6.19 Жатақханаға жануарларды ұстауға және әкелуге;
- 6.20 Бөлмеде басқа тұрғындарға кедергі келтіретін үлкен заттарды сақтауға;
- 6.21 Бөлмеде тамақ дайындауға;
- 6.22 Құмар ойындарды ұйымдастыруға және қатысуға;
- 6.23 Терезелер мен балкондардан қоқыс пен бөтен заттарды тастауға, бөлмелерде қоқыс қалдыруға, жалпы пайдаланылатын орындарды тұрмыстық қалдықтармен ластауды;
- 6.24 Жатақханада және студенттік қалашықта әдепсіз сөйлеуге;
- 6.25 Жатақханада және студенттік қалашықта кез келген коммерциялық қызметпен айналысуға;
- 6.26 Білім алушылар мен университет қызметкерлерін күмәнді қаржы ұйымдарына (қаржы пирамидаларына) тартуға немесе қатыстыруға;
- 6.27 Нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік кемсітушілік пен ерекшелікті насихаттауға, халықаралық құқық пен гуманизм қағидаттарына қайшы милитаристік және басқа да идеяларды таратуға, соның ішінде сәйкес әдебиеттерді таратуға;
- 6.28 Рұқсат етілмеген митингілер мен осындай басқа іс-шараларға қатысуға;
- 6.29 Бөлмені антисанитарлық жағдайда ұстауға;
- 6.30 Себепсіз студенттік үйге кешігуге;
- 6.31 Студенттік үй әкімшілігінің заңды талаптарын орындамауға немесе оларға немқұрайлы қарауға;
- 6.32 Оқу жылының соңында жатақхана меңгерушісіне хабарламай бөлмеден шығуға.

7 ТӘРТІПТІК ШАРАЛАР ЖӘНЕ МАДАҚТАУ

7.1 Жатақхана ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

7.1.1 Жатақхана ережелерін бұзғаны үшін жатақхана әкімшілігінің ұсынысы бойынша тұрғындарға тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін:

- 1. ескерту;**
- 2. сөгіс;**
- 3. қатаң сөгіс;**
- 4. оқу аяқталғанға дейін жатақханадан шығару;**
- 5. ХИТУ-дан оқудан шығарылып, жатақханадан шығару.**

7.1.2. Жатақхана ережелерін бұзған кезде акт толтырылады. Акт жатақхана меңгерушісі, ЖСД қызметкерлері, жатақхана студенттік комитетінің мүшелері және жатақханада кезекшілік ететін университет қызметкерлері (бұйрық пен кестеге сәйкес) тарапынан толтырылуы мүмкін;

7.2 Ескерту мен сөгіс жарияланатын бұзушылықтар

- 7.2.1 жатақхана әкімшілігіне құрметсіз қарау;
- 7.2.2 өткізу рұқсаттамасын басқа адамдарға беру;
- 7.2.3 рұқсатсыз басқа бөлмеге көшіп, инвентарды бөлмелер арасында өз еркімен тасымалдау;
- 7.2.4 электр сымдарын өз бетімен қайта өңдеу және жөндеу;
- 7.2.5 жоғары шу мен діріл тудыратын жұмыстарды орындау, басқа тұрғындардың тұрмыстық жағдайын бұзу;
- 7.2.6 белгіленген орындардан басқа қабырғаға хабарландыру, кесте және т.б. ілу;
- 7.2.7 белгіленген тәртіпті бұзу, тұрғындар мен қызметкерлер арасында қақтығыстар тудыру;
- 7.2.8 қосымша құлыптарды орнату немесе құлыптарды ауыстыру;
- 7.2.9 ашық от көздерін пайдалану, тез тұтанатын заттар мен пиротехниканы сақтау және қолдану;
- 7.2.10 жануарларды ұстау және жатақханаға әкелу;
- 7.2.11 басқа тұрғындарға кедергі келтіретін үлкен заттарды бөлмеде сақтау;
- 7.2.12 бөлмеде тамақ дайындау;
- 7.2.13 құмар ойындарды ұйымдастыру және қатысу;
- 7.2.14 терезелер мен балкондардан қоқыс тастау, ортақ орындарды ластау;
- 7.2.15 әдепсіз сөйлеу;
- 7.2.16 студенттер мен қызметкерлерді қаржы пирамидаларына тартпау;
- 7.2.17 жалған немесе жалған құжаттарды беру үшін студент университеттің ішкі ережелері мен қазақстан заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады;
- 7.2.18 өтінімді уақытылы және дұрыс рәсімдеу жауапкершілігі оқитын студентке жүктеледі.

Жоғарыдағы бұзушылықтарды қайталаса, қатаң сөгіс немесе жатақханадан шығару қолданылады.

7.3 Қатаң бұзушылықтар (жатақханадан шығаруға әкелетін)

- 7.3.1 алкогольдік және есірткілік заттарды сақтау, пайдалану, тарату және мас күйінде болу;
- 7.3.2 темекі шегудің жүйелі түрде қайталануы (екі рет), сондай-ақ оның баламаларын пайдалану;
- 7.3.3 бөгде адамдарды түнде жатақханаға әкелу және қалдыру;
- 7.3.4 жатақхана мен студенттік қалашықта коммерциялық қызметпен айналысу;
- 7.3.5 кесірлік (төбелес);
- 7.3.6 терезелер арқылы жатақханаға кіру және шығу;

7.3.7 өткізу режимін 6 реттен астам бұзу.

7.4 Мадақтау

7.4.1 үздік оқу үлгісімен, тәртіпті сақтап, студенттік үйдің мәдени өміріне белсенді қатысатын студенттер марапатталады: ауызша алғыс немесе жеке істеріне алғыс жазу; грамоталармен және алғыс хаттармен марапаттау — студентке немесе оның ата-анасына; естелік сыйлықтар беру.

Студенттік жатақханадан тұрғын үй-жайды жалға алу шарты

Алматы қ. _____ 2025 жыл

«Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Жалға беруші немесе Университет), жарғы негізінде әрекет ететін ректор Ақпанбетов Дархан Берікұлының атынан бір жағынан, және

(Т.А.Ә., туған күні, жұмыс (оқу) орны, лауазымы, факультеті, тобы, телефоны)

(бұдан әрі – **Жалға алушы**), екінші жағынан, бірлесіп – Тараптар, жеке-жеке – Тарап деп аталатын, осы «Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының студенттік жатақханасында тұрғын үй-жайды Жалдау туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегідей етіп жасасты:

1 ШАРТТЫҢ НЫСАНЫ

- 1.1 Университет Студентке 2025-2026 оқу жылы ішінде, яғни _____ 2025 жылдан бастап _____ 2026 жылға дейінгі мерзімге, Алматы қаласы, Өл-Фараби даңғылы 93В мекенжайында орналасқан жатақхананың № ____ бөлмесінен орын береді. Бөлменің жалпы ауданы ____ м².
- 1.2 Тұрғын үй-жай оқу (жұмыс) мақсатында беріледі.

2 ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1 Жалға алушышы құқылы
 - 2.1.1 Осы Шартқа сәйкес тұруға жарамды тұрғын үй-жайды пайдалануға алуға;
 - 2.1.2 Студенттер үйінің ортақ мүлкін пайдалануға;
 - 2.1.3 Жатақхана әкімшілігімен міндетті түрде келісе отырып, қосымша ақы төлеу арқылы жатақханада қолдануға рұқсат етілген жарамды жеке электр құрылғыларын (тоңазытқыш, теледидар және т.б.) пайдалануға;
- 2.2 Жалға алушы міндетті:
 - 2.2.1. Төмендегілерді сақтау:
 1. университеттің студенттік жатақханаларындағы ішкі тәртіп ережелерін;
 2. университеттің студенттік жатақханалары туралы Ереженің талаптарын;
 3. өрт қауіпсіздігі ережелерін;
 4. жалға алынған тұрғын үй-жайды санитарлық талаптарға сай ұстау, барлық санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;
 5. қолданыстағы заңнамада бекітілген тыныштық тәртібін сақтау (сағат 22:00-ден 07:00-ге дейін);
 6. жатақханада тұру ережелерін сақтау.
 - 2.1.2 Тұрғын үй-жайды және инженерлік жабдықты олардың мақсатына сай және пайдалану ережелеріне сәйкес қолдану;
 - 2.1.3 Тұрғын үй-жайдың қайта жоспарлануын, қайта құруын, бөлме мен секциядағы құлыптардың рұқсатсыз ауыстырылуын жүргізбеу; өз бетінше басқа бөлмеге көшпеу;

- 2.1.4 Жатақхананың жабдығы мен мүлкіне ұқыпты қарау, жатақханада тұру кезеңінде жеке пайдалануға берілген мүлікке материалдық жауапкершілік тарту; Секция мен қабаттағы жалпы мүлік (ас үй жабдықтары, душ, жуынатын бөлме, әжетхана және т.б.) үшін секция және қабат тұрғындарымен бірге ортақ материалдық жауапкершілікке не болу;
- 2.1.5 Жатақханада темекі шекпеу, алкоголь ішімдіктерін ішпеу, ҚР заңнамасында тыйым салынған заттарды сатпау және қолданбау, сондай-ақ мас күйде немесе есірткілік әсерде болмау;
- 2.1.6 Жатақхана мен оның айналасын абаттандыру жұмыстарына қатысу;
- 2.1.7 ҚР заңнамасы мен осы Шартқа сәйкес Жалға алушының кінәсінен келтірілген материалдық залалды өтетү;
- 2.1.8 Қонақтарды тек жатақхана әкімшілігі белгілеген уақытта ғана қабылдау;
- 2.1.9 Осы Шарттың талаптарына сәйкес жатақханада тұру ақысы мен қосымша қызметтер үшін төлемді уақытылы жүргізу. Төлем бойынша міндеттемелер осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді;
- 2.1.10 Кез келген уақытта тұрғын үй-жайдың санитарлық және техникалық жағдайын, санитарлық-техникалық және өзге де жабдықтарын тексеру, жөндеу және апаттарды жою мақсатында Жалға алушы өкілін кіргізуге міндетті;
- 2.1.11 Егер жұмсақ мүлік (жапқыш, көрпе қабы және т.б.) бүлінген немесе жоғалған, бөлме немесе өзге де орындардың әрлеуі бүлінген болса, бүлінген мүлікті өз қаражаты есебінен қалпына келтіруге немесе келтірілген залалды толық көлемде төлем арқылы өтеуге міндетті. Бүліну немесе жоғалту фактісі бойынша Акт жасалады, онда шығын көлемі көрсетіледі. Акт жатақхана меңгерушісі немесе кастелянша, факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және студенттер кәсіподағының өкілі қатысуымен рәсімделеді;
- 2.1.12 Жатақханада тұру үзілісі бір аптадан асқан жағдайда, Жалға алушыны алдын ала жазбаша түрде хабардар ету;
- 2.1.13 Осы Шарт бұзылған немесе тоқтатылған жағдайда, Жалға алушы бес күнтізбелік күн ішінде жатақханадағы орны мен бөлмені босатып, бөлмені, жиһазды, төсек-жабдықтарын және бөлме мен секция кілтін жатақхана меңгерушісіне келісілген күйде тапсыруы тиіс.

2.3 Жалға беруші құқылы:

- 2.3.1 Тұрғын үй-жайға тексеру жүргізу арқылы Жалға алушының ішкі тәртіп ережелерін сақтауын бақылау;
- 2.3.2 Жатақханада тұру және қосымша қызметтер үшін уақытылы төлем талап ету;
- 2.3.3 Жалға алушы осы Шарттың бір немесе бірнеше талабын бұзған жағдайда, Шартты бұзу;
- 2.3.4 Мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірге тұрғын үй-жайдың техникалық және санитарлық жағдайын, санитарлық-техникалық және өзге де жабдықтарын тексеру, жөндеу және апаттарды жою мақсатында тексерулер жүргізу;
- 2.3.5 ҚР заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2.4 Жалға беруші (Университет) міндетті:

- 2.4.1 Жалға алушыға үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос, өрт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сай жатақханада тұруға арналған орын беруге;
- 2.4.2 Жалға алушыны тіркеу және жатақханаға кіруге рұқсат беретін рұқсатнама беру;
- 2.4.3 Қолданыстағы нормативтерге сәйкес ғимаратты, тұрғын бөлмелерді, ортақ пайдаланудағы орындарды, инженерлік жабдықты (электр желісі, суық және ыстық су

- жүйесі, жылу жүйесі) техникалық қызмет көрсету және жөндеуді жүзеге асыру;
- 2.4.4 Белгіленген нормаларға сәйкес Жалға алушыны қажетті коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;
- 2.4.5 Жалға алушыға тұру кезеңінде жарамды жиһаз, мүлік, жабдық және төсек-жабдықтарын жеке пайдалануға беру. Төсек-жабдықтарын аптасына бір рет ауыстыруды қамтамасыз ету;
- 2.4.6 Жалға алушының қалауы бойынша жазғы демалыс кезінде көлемді заттарды қоймада сақтауын ұйымдастыру;
- 2.4.7 Қысқы кезеңде тұрғын үй-жай мен оның жабдықтарын уақтылы дайындауды қамтамасыз ету;
- 2.4.8 Жылыту маусымында тұрғын бөлмелердегі температураны кемінде 18°C деңгейінде ұстау;
- 2.4.9 Жалға алушыға әлеуметтік-тұрмыстық орындарды (ас үй және т.б.) пайдалануға мүмкіндік беру;
- 2.4.10 ҚР заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

3 ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

- 3.1 2025–2026 оқу жылы кезеңінде білім алу мерзіміне Студенттер үйіндегі 1 орын үшін бір айлық тұру ақысы _____ теңге _____ (санымен және сөзбен).
- 3.2 Осы Шарт бойынша төлем Жалға берушінің есеп шотына аудару арқылы жүргізіледі.
- 3.3 **Жатақханада тұру ақысы Жалға алушы тарапынан әр үш ай сайын алдын ала (аванс түрінде) төленеді. Әр үш айлық кезеңнің 5-ші күніне дейін келесі төлем кестесіне сәйкес төленеді:**
- 3.2.1 2025 жылғы 5 қыркүйекке дейін _____ теңге – 2025 жылғы 1 қыркүйектен 2025 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезең үшін;
- 3.2.2 2025 жылғы 5 желтоқсанға дейін _____ теңге – 2025 жылғы 1 желтоқсаннан 2026 жылғы 1 наурызға дейінгі кезең үшін;
- 3.2.3 2026 жылғы 5 наурызға дейін _____ теңге – 2026 жылғы 1 наурыздан 2026 жылғы 1 маусымға дейінгі кезең үшін.
- 3.4 **Осы Шартта көрсетілген мерзімде жатақхана ақысы төленбеген жағдайда, Жалға беруші төленбеген сомаға әр кешіктірілген күн үшін 0,5% өсімпұл талап етуге құқылы.**
- 3.5 **Осы Шартқа қол қойылған күні Жалға алушы өзінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кепіл ретінде Жалға берушіге 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде соманы аударады. Көрсетілген сома қайтарылмайды және амортизациялық шығындар мен жоспарлы жөндеу шығындарын өтеу үшін Жалға берушіде қалады.**

4 ШАРТТЫ БҰЗУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

- 4.1 Осы Шарт өз әрекетін тоқтатады және Жалға алушы 5 (бес) күн ішінде жатақханадан шығарылады, басқа тұрғын үй берілмей, келесі жағдайларда:
- 4.1.1 Университетпен жасалған оқу немесе білім беру қызметтерін көрсету шартын бұзу кезінде;
- 4.1.2 Осы Шарт талаптарының бұзылуы жағдайында;
- 4.1.3 Жатақхана ішіндегі тәртіп ережелерін, өрт қауіпсіздігі және техникалық қауіпсіздік талаптарын жүйелі түрде бұзған кезде;

- 4.1.4 Тұрғын үйді жүйелі түрде бүлдіру немесе зақымдау кезінде;
- 4.1.5 Тұрғын үй ақысының бір айдан астам уақыт төленбеуі кезінде;
- 4.1.6 Ордерді алған күннен бастап 5 күн ішінде уақтылы орналаспаған жағдайда;
- 4.1.7 Жатақханада екі аптадан артық заңды себепсіз және әкімшілікке хабарламай болмаған кезде;
- 4.1.8 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.

5 ҚОСЫМША ШАРТТАР

- 5.1 Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде екі бірдей заңды күші бар нұсқада жасалған, бір көшірмесі Жалға берушіге, екіншісі Жалға алушыға беріледі.
- 5.2 Шартқа қатысты даулар мен келіспеушіліктер алдымен Жатақхана әкімшілігі мен Студенттік кеңес тарапынан қаралады, егер талаптар қанағаттандырылмаса — Университет әкімшілігі мен Университеттің кәсіподақ комитетінде Жалға алушы қатысуымен немесе оның жоқтығында қашықтан қаралады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалға берушінің орналасқан жеріндегі сотта шешіледі.
- 5.3 Осы Шартқа қатысты барлық келісімдер мен қосымшалар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және тараптардың қол қоюымен жазбаша түрде рәсімделеді.
- 5.4 Осы Шартта қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

6 ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 6.1 Жатақхана ішкі тәртібін және осы Шарт талаптарын бұзғаны үшін Жатақхана әкімшілігі Жалға алушыға келесі тәртіптік шараларды қолдануы мүмкін: ескерту, сөгіс, қатты сөгіс, жатақханадан шығару, Университеттен шығару.
- 6.2 Жалға беруші тұрғын үй-жайларда және секцияларда Жалға алушының құжаттарының, ақшасының және жеке заттарының қауіпсіздігі үшін жауапты емес.
- 6.3 Осы Шартқа қол қою арқылы Жалға алушы оның мазмұны мен мағынасы толық түсінікті екенін растайды.

7 ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ БАНК РЕКВИЗИТТЕРІ

Университет:
ЖШС «Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті»
АО «Forte Bank»
ИИК KZ379650000061146686
БСН 080640010716
БИК IRTYKZKA
Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 93А

Студент:
Т.А.Ә _____
ЖСН _____
Мекенжайы _____
Телефон _____
Жеке куәлік № _____
Кім берген _____
Берілген күні _____

Комендант Боранкулова Г.К.

Т.А.Ә

№2 Қосымша

«Халықаралық инженерлік-технологиялық университет» ЖШС		ТОО «Международный инженерно-технологический университет»
Жастар саясаты департаменті		Департамент молодежной политики

ОРДЕР №**«Халықаралық инженерлік-технологиялық университет» ЖШС****Студенттік жатақханаға қоныстану құқығын беретін ордер****Жатақхана мекенжайы:**☐ №1 Әл-Фараби даңғылы, 93В☐ №2 Шашкин көшесі, 14а**Берілген күні:** «__» _____ 2025 жыл**Студенттің ТАӘ:** _____**Жеке куәлік №:** _____, **берілген жері** _____**Кафедра / Курс:** _____**Ордер берілген күні:** «__» _____ 2025 ж. *(ордердің жарамдылық мерзімі – 3 жұмыс күні)*Жатақхананың ішкі тәртіп ережелерімен,
еңбек және өрт қауіпсіздігі талаптарымен таныстым: _____ (қолы)**Төлем түбіртегі:** _____**ЖСД директоры:** _____ Рыскелді Д.Д.

2025–2026 оқу жылына арналған КАРТОЧКА
студенттің уақытша пайдалануындағы жиһаздар мен жұмсақ мүлікті тіркеу картасы

Студенттің

Т.А.Ә.,: _____

Курс/мамандығы: _____

Қабат ____ Бөлме ____

Мүлік атауы	Саны	Қабылдады	Саны	Қайтарды
Матрас				
Көрпе				
Жастық				
Жастық тысы				
Жабын				
Дөптер				
Көрпе тысы				
Перде				
Үстел				
Орындық				
Төсек				
Шкаф				
Кілт				
Дәретхана бағы				
Жуғыш (раковина)				
Плафон				
Тумбочка				
Дәретхана щеткасы				
Себет				
Есік				
Терезе әйнегі				

« ____ » _____ 2025 ж.

_____(қолы)